

Шығыс Қазақстан облысында жұмылдыру резервін пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 8 желтоқсан N 1262

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігіне лептоспироз ауруының диагностикасын жүргізу үшін жұмылдыру резервін Шығыс Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасының арнайы базасында сақтаулы зертханалық жабдықты, кейін алты айдың ішінде оны жұмылдыру резервіне қайтаратын болып, пайдалануға рұқсат берілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика,

индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитетіне жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі